

"Павлодар қаласы мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жекешелендіру қағидаларын" бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 22 қазандағы N 31/2 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 26 қарашада N 97 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 130/7 шешімімен.

Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 130/7 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылы 24 қаңтардағы N 66 қаулысымен бекітілген, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы Ережесінің" 9 тармағына сәйкес қалалық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. қосымшаға сәйкес, "Павлодар қаласы мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жекешелендіру қағидалары" (бұдан әрі - қағида) бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың хатшысы

В.Лебедь

Сессия төрағасы

И. Веретнов

Павлодар қалалық мәслихатының
2007 жылғы 22 қазандағы
Павлодар қаласы мемлекеттік тұрғын үй
қорының тұрғын үй-жайларын жекешелендіру
қағидаларын бекіту туралы
N 31/2 шешімімен бекітілді

**Павлодар қаласы мемлекеттік тұрғын үй қорының
тұрғын үй-жайларын жекешелендіру
ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Осы қағидалар Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 6 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 24 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіру туралы Ережесін бекіту туралы" N 66 қаулысына сәйкес әзірленді және Павлодар қаласы аумағында орналасқан

мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын жекешелендіру тәртібін а н ы қ т а й д ы .

2. Павлодар қаласы мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үй-жайларын меншікке алуға осы тұрғын үй-жайларда тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 85, 87-баптарымен қаралған жағдайларда уақытша болмаған азаматтардың құқығы бар.

3.Мемлекеттік тұрғын үй қорының, сондай-ақ Павлодар қаласы қаржы бөлімінің (бұдан әрі - уәкілетті орган) балансында бекітілген пәтерлер және жатақханалардағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайлар құнының бағалануы оның тозу есебімен баланстық құнын ескере отырып жүргізіледі.

Көрсетілген тұрғын үйлер құнының бағалануы қолданыстағы заңнамамен бекітілген тәртіпте тұлғалармен жүзеге асырылады.<*>

*Ескерту: 3 тармақ өзгертілген - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 120/5 шешімімен. 4 , 5 тармақ . < * >*

Ескерту: 4, 5 тармақ жойылған - Павлодар қалалық мәслихатының 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 120/5 шешімімен.

6. Мемлекеттік тұрғын үй-қорының пәтерлерін және жатақханалардағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды жекешелендіру тұрғын үйді беру туралы шешіммен (мұрағаттық көшірме) расталған ордер, немесе жалға алу келісім шарттың негізінде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік тұрғын үй қорының пәтерлерін және жатақханалардағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды жекешелендіру үшін азаматтар уәкілетті органға осы қағидалардың қосымшасына сәйкес қажетті құжаттардың қосымшасымен өтініш береді.

8. Мемлекеттік тұрғын үй қорының пәтерлерін және жатақханалардағы бөлмелік үлгідегі тұрғын үй-жайларды жекешелендіру туралы шешімді уәкілетті о р г а н қ а б ы л д а й д ы .

9. Тұрғын үй-жайларды жекешелендіру уәкілетті орган шешімінің негізінде уәкілетті орган және сатып алушы арасындағы жасалған сатып алу-сату келісім ш а р т ы м е н р ә с і м д е л е д і .

10. Жақтар арасындағы сатып алу-сату келісім шарты жақтар арасындағы келісіммен белгіленбеген жағдайда, сатып алушы тұрғын үйдің толық құнын төлегеннен кейін жасалады.

11. Мемлекеттік тұрғын үй қорының өздері тұратын тұрғын үй-жайларын меншікке өтеусіз алуға құқығы бар азаматтар санатының тізімі қалалық мәслихаттың шешімімен белгіленеді.

12. Жалдаушы немесе оның отбасы мүшелерінің жекешелендіру құқығынан бас тартуы нотариалды түрде расталған өтінішпен рәсімделеді.

13. Мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, егер олар мемлекеттік қызметте немесе бюджеттік ұйымдарда кемінде он жыл жұмыс істесе, сондай-ақ жұмыс істеген мерзіміне қарамастан, егер Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңымен қаралған негіздер бойынша еңбек қатынастары тоқтатылса өздері тұратын тұрғын үй-жайларды жекешелендіреді алады.

14. Қызмет атқарған кезеңде қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй берілген әскери қызметшілер он жыл әскери қызмет өтілінен кейін, ал еңбек сіңірген жылдары, науқастануы немесе штаттың қысқаруы бойынша қызметтен босаған кезде қызмет мерзіміне қарамастан оны жекешелендіруге құқылы.

15. Жекешелендірілген тұрғын үй жалға алушының және онымен тұрақты бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің, соның ішінде уақытша тұрмайтындарының бірлескен ортақ меншігіне көшеді.

Павлодар қалалық мәслихатының
 2007 жылғы 22 қазандағы
 N 31/2 шешімімен бекітілген,
 Павлодар қаласы мемлекеттік тұрғын
 үй қорының тұрғын үй-жайларын
 жекешелендіру Қағидаларына
 қосымша
өтінішке қоса берілетін құжаттар
(ордердің негізінде)
ТІЗІМІ:

1	Жеке куәліктер, кәмелет жасына толмаған балалардың туу туралы куәліктерінің нотариалды түрде расталған көшірмелері (отбасының әрбір мүшелеріне);
2	Пәтерге құқығы тіркелмегендігі туралы және отбасының әрбір мүшелерінде тұрғын үйдің болмауы туралы Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы РМК-нан анықтама (10 күн ішінде рас);
3	Отбасының әрбір мүшелеріне, соның ішінде уақытша болмағандарға оның болмауы туралы мекенжай бюросынан анықтама (1 ай ішінде рас);
4	Мекенжай бойынша тұру туралы және бірге тұратын отбасы мүшесіне отбасының құрамы туралы ПИКТ-нан анықтама (1 ай ішінде рас);
5	Неке қию тіркеуінің болмауы және балаларының болмауы туралы нотариалды түрде расталған жазбаша өтініш (1 ай ішінде рас);
6	Неке қию туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
7	Некені бұзу туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
8	өлгені туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
9	Жалға алу келісім шартына немесе ордерге қосылған кәмелет жасына толған барлық отбасы мүшелерінің жекешелендіруге келісу немесе жекешелендіруге қатысудан бас тарту туралы нотариалды түрде расталған жазбаша өтініші;

10	Жалға алушының және оның отбасы мүшелерінің заңды қоныстануын растайтын тұрғын үй-жайға ордердің түпнұсқасы;
11	Еңбек кітапшасының көшірмесі (кадр бөлімімен, немесе нотариуспен расталған);
12	Тұрғын үйді беру туралы мұрағаттық көшірме;
13	Пәтер паспортының көшірмесі;
14	Барлық коммуналдық төлемдер бойынша жекешелендіретін пәтерге соңғы айға коммуналдық қызметтерді төлегені бойынша квитанциялар;
15	СТН көшірмесі;
16	Өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар санатының бар болғанында - санатты растайтын куәліктің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
17	Бағалау актісі

өтінішке қоса берілетін құжаттар
(жалға алу келісім шартының негізінде)
ТІЗІМІ:

1	Жеке куәліктер, кәмелет жасына толмаған балалардың туу туралы куәліктерінің нотариалды түрде расталған көшірмелері (отбасының әрбір мүшелеріне);
2	Пәтерге құқығы тіркелмегендігі туралы және отбасының әрбір мүшелерінде тұрғын үйдің болмауы туралы Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы РМК-нан анықтама (10 күш ішінде рас);
3	Отбасының әрбір мүшелеріне, соның ішінде уақытша болмағандарға оның болмауы туралы мекенжай бюросынан анықтама (1 ай ішінде рас);
4	Мекенжай бойынша тұру туралы және бірге тұратын отбасы мүшесіне отбасының құрамы туралы ПИКТ-нан анықтама (1 ай ішінде рас);
5	Неке қию тіркеуінің болмауы және кәмелет жасына толмаған балалардың болмауы туралы нотариалды түрде расталған жазбаша өтініш (1 ай ішінде рас);
6	Неке қию туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
7	Некені бұзу туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
8	өлгендік туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
9	Жалға алу келісім шартына немесе ордерге қосылған кәмелет жасына толған барлық отбасы мүшелерінің жекешелендіруге келісу немесе жекешелендіруде қатысудан бас тарту туралы нотариалды түрде расталған жазбаша өтініші;
10	Жалға алушының және оның отбасы мүшелерінің заңды қоныстануын растайтын мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй-жайды жалға алу келісім шартының түпнұсқасы;
11	Еңбек кітапшасының көшірмесі (кадр бөлімі немесе нотариалды түрде расталған);
12	Пәтер паспортының көшірмесі;
13	Барлық коммуналдық төлемдер бойынша жекешелендіретін пәтерге соңғы айға коммуналдық қызметтерді төлегені бойынша квитанциялар;
14	СТН көшірмесі;
15	Өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар санатының бар болғанында-санатты растайтын куәліктің нотариалды түрде расталған көшірмесі;
	Бағалау актісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК